# ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



№ 35 (1587)
10 қараша
2015 жыл

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

www.kaznu.kz


## МАСТЕР-КЛАСС ОТ THOMSON REUTERS

**Департамент по науке и инновационной деятельности КазНУ организовал семинар с официальным представителем компании «Thomson Reuters» в Казахстане и странах СНГ Дарьей Бухтояровой на тему: «Подбор международной конференции на платформе Web of Science» и «Оформление статьи для публикации с EndNote Online».**




В семинаре приняли участие профессорско-преподавательский состав университета, а также сотрудники научно-исследовательских институтов «Ғылым Ордасы», интегрированных с КазНУ.

Первая часть мероприятия была посвящена поиску конференций, сборники которых индексируются в базе данных Web of Science. Здесь Д. Бухтоярова рассказала о критериях для включения сборника конференции в Web of Science том, а также о том, есть ли импакт-фактор у конференций.

Следует отметить, что участие ППС университета в международных рейтинговых конференциях – это одна из форм интернационализации и интеграции отечественных ученых в мировое научное пространство. Однако, в настоящее время активную деятельность проявляют недобросовестные организаторы конференций, которые вводят в заблуждение ученых, утверждая, что сборники будут проиндексированы в международных базах данных. Именно для решения данной актуальной проблемы, во избежание участия в «фейковых» конференциях, и было посвящено начало семинара.

Во второй части Д. Бухтоярова презентовала возможности сервиса по редактированию научной статьи EndNote Online. Одним из главных функций сервиса является возможность формирования списка библиографии «в один клик» для любого типа научной работы, подготовленной для публикации в рейтинговых журналах.

Важной частью мероприятия стало вручение письма благадарности от имени руководства университета официальному представителю Thomson Reuters в Казахстане и странах СНГ Д. Бухтояровой за большой вклад в информационное сопровождение ученых КазНУ по повышению публикационной активности в рейтинговых изданиях.

Следует отметить, что отношения между университетом и компанией «Thomson Reuters» строятся на долгосрочном взаимовыгодном сотрудничестве. Так, КазНУ является первым вузом системы образования Республики Казахстан, который награжден специальным дипломом агентства «Thomson Reuters» «За выдающиеся достижения в области науки в 2011 году». В 2015 году в университете при тесном взаимодействии с Д. Бухтояровой, опубликованы «Методические рекомендации по опубликованию научной статьи в журналах с импакт-фактором» на русском и казахском языках.

**Кымбат РАМАДИН**

## Үнемдеудің тиімділігі зор

**Кезекті ректорат отырысы дәстүр бойынша шәкіртақы табыстау рәсімімен басталды. Оқуда озат әрі белсенді жастарды қолдауға бағытталған игі істі атқарған соң, оқытушы-профессорлар құрамы күн тәртібіндегі өзекті мәселе – университеттің 2016 жылға арналған дағдарысқа қарсы даму жоспарын талқылауға көшті. Бұл турасында көпшілік назарына Экономика және бюджеттік жоспарлау департаментінің директоры Хәкімжан Алтайұлы Малаевтың хабарламасы ұсынылды.**


*Жалғасы 2-бетте*


**Оқу ордамызда парасат-пайымы кең, турашыл, тұғырлы тұлғалардың көптігі көңіл қуантады. Жуырда осындай ұстаздардың бірі, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Аманқос Құлтанұлы Мектеп-тегінің «Көсемсөздің көсемі» атты кітабының тұсаукесері өтті.**

## «Көсемсөздің көсемі»

Аманқос Мектеп-тегі – Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Халел Досмұхамедұлы, Мұхамеджан Тынышпайұлы, Телжан Шонанұлы мен Смахан Бөкейханның мұраларын баспасөз бетінде алғашқы насихаттаушылардың бірі, зерттеуші ғалым. Алаш тақырыбына байланысты зерттеу мақалалары мерзімді баспасөз беттерінде, «Бес арыс», «Тіл тағылымы», «Аламан», «Халел тағылымы», «Бекет-Ата», «Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы», «Халел Досмұхамедұлының өмірі және оның шығармашылығы», «Ұлттық рухтың ұлы тіні», «Ағартушы Халел» сынды көптеген еңбектері ғылыми-танымдық жинақтарда жарияланған. Ғалымның тас дәуірден қазіргі электрондық газетке дейінгі баспасөздің даму кезеңдері турасында жазған дүниелерінің өзі бір төбе.


*Жалғасы 3-бетте*


## БҮГІНГІ САНДА:


ВОЛОНТЕРЫ – ПАТРИОТЫ СТРАНЫ — 3-стр.



АТҚА МІНГЕН АРУЛАР — 4-бет



ТАРТЫСТЫ ДОДА ЖЕҢІМПАЗДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ — 8-бет



ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ



РЕКТОРАТ

# Үнемдеудің тиімділігі зор

*Жалғасы. Басы 1-бетте*



«Нарықтық жағдаят күрт құлдырап, қаржылық дағдарыс келгендіктен, университет электр энергиясын үнемдеу жұмсау керек. Бұл тек ҚазҰУ оқытушыларына ғана емес, коммуналдық төлемді азайту үшін Студенттер үйлеріне де қатысты мәселе», – деді Х. Малаев. Егер тұтынушы электр энергиясын бекітілген шамадан артық пайдаланып қойса, арнайы шара қолданылатындығы да ескертілді. Сонымен қатар жатақханаларда жарықтың қосулы, кранның ашық қалуы сынды жайттардың орын алмасы үшін оқытушы-профессорлар құрамына апта сайын тексеріс күнін өткізу керектігі де тапсырылды.

Жаһандық дағдарыстың дауылы кез келген елді айналып өтпейтіндіктен, білім ошақтарыда соған қарсы өз жобаларын алға тартуда. Соның ішінде ҚазҰУ-дың қаржы дағдарысына қарсы тиімділікті арттыру жоспары ең әуелі электр энергиясын үнемдеудің алдын алу болып отыр. Олай болмаған жағдайда тұтынушылардың энергиямен жабдықтаудағы іркіліс пен дағдарыс салдарын ушықтыруға әкеліп соғатындығын университет басшылығы ескерте келе, тұтынушыларды энергия үнемдеуге үйретуді міндеттеп отыр.



*Досжан Балабекұлы (фото)*

Қуатты ұқыппен жұмсау заман талабына айналып отырғаны рас. Әсіресе, қарапайым халықтан бастап, ірі кешендерге дейінгі аралықтағы электр энергиясының үнемдеу қағидаттары жайлы ректор Ғалым Мұтанұлы жиі айтумен келеді.

Жаһанданудың дамыған кезеңінде қалашық тұрғындары күн тәртібінде қаралған өзекті мәселенің оң шешімін табуына тамшыдай болса да үлес қосар болса, басшылық қолға алып жатқан дағдарысқа қарсы даму жоспарының жүзеге асары хақ. Әрине, университетте тек мұнымен ғана шектелмей, қолға алынған жобаларға тың серпін беру үшін бірнеше бағытта инновациялық жаңашылдықты енгізуі қажет. Өйткені экономиканы тың инновациялық жаңалықтармен ұштастырмай, индустрияландырудың жаңа белесіне қол жеткізе алмаймыз.

**Жұлдыз ӘБІЛ**

ҚЫСҚА-НҰСҚА

**Жуырда география және табиғатты пайдалану факультетінің Студенттер үйінде жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру мақсатында Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» атты зияткерлік сайыс ұйымдастырылды.**

Қатысушы студенттерге «Толған ел тарихын таспен жазады», «Мәнді сандар», «Ұранды ердің – ұрпағы қайсар», «Ерлікті таба білу, ерді тани білу», «Ерлік – ел есінде», «Қатаған қырғыны», «Ата-баба мұрасы – сарқылмайтын қазына» тақырыптары бойынша тапсырмалар берілді. Ойынға қатысушылар екі топқа бөлініп, қазақ хандығының тарихы жайлы сұрақтарға жауап беріп, сайысқа түсті.

**Ө.Ж. САҒЫМБАЙ,**
*«Жерге орналастыру» мамандығының топ эдвайзері*

***

**Адамдарға қол ұшын созып, жақсылық жасау - жомарт жанға ғана тән қасиет. Осыған орай биология және биотехнология факультеті кәсіподақ ұйымы мүшелерінің ұйымдастыруымен «Қажетті заттардың тегін жәрмеңкесі» атты қайырымдылық акциясы өткізілді.**

Ұйымдастырушылар студенттер мен қызметкерлерге киімдер, кітаптар мен оқу құралдары, әшекей-бұйымдар, ыдыс-аяқтар мен балалардың ойыншықтары сынды тұрмыстық заттарды тегін таратты. Кәсіподақ мүшелері қайырымдылық жасап, көмек қолын созу – әрбір жанның азаматтың борышы деп есептейді.

**И.Ә. САТЫЛҒАН,**
*молекулалық және генетика кафедрасының жетекші маманы*

***

**ҚазҰУ колледжінің оқушылары мен студенттері Ғ. Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрына барып, режиссер М.Оспановтың «Абылай хан» тарихи толғау қойылымын көріп қайтты.**

Қазақ хандығының 550 жылдығына орай арнайы қойылған туындыны тамашалаған оқушылар қойылымның тарихи терең сырға толы оқиғаларымен танысып, алған әсерлерін ортаға салды.

**Д.Е. ЕРҒАЛИ,**
*колледж оқытушысы*

***

**№14 Студенттер үйінің жастары «Теңге: кеше, бүгін, ертең» атты іс-шара ұйымдастырды.**

Кеш шымылдығы тәуелсіздігіміздің айшықты айғағы болып табылатын төл теңгеміздің тарих толқынында даму барысын және ертеңгі болашақта қандай рөл атқаратыны туралы жазылған баяндамамен ашылды. Сондай-ақ білім өрісін кеңейту үшін студенттерге оқытушылар теңге туралы бейнесюжеттер көрсетіп, теңгеміздің тарихынан мол мағлұматтар берді.

**Халықаралық қатынастар факультеті**

***

**Достық үйінің үлкен залында «Татулықтың алтын арқауы этножурналистикада» атты семинар-тренинг болып өтті. Аталмыш шара Қазақстан халқы ассамблеясы жылына орай журналистика саласындағы «Шаңырақ» шығармашылық байқауы аясында ұйымдастырылды.**

Семинар-тренингте SMM маманы, медиатренер, «Insight Media» агенттігінің маркетологы - Дінмұхамед Зияден «Әлеуметтік желілердегі этикет» төңірегінде өзекті мәселелер мен БАҚ саласында ұлттық тақырыпты көтерудегі қателіктерге кеңінен тоқталды.

**Студенттік баспасөз орталығы**

# Келелі кездесу

***Жуырда саясаттану және саяси технологиялар кафедрасының ұжымы еуразиялық интеграцияны зерттеумен айналысатын танымал ресейлік ғалым, экономика ғылымдарының докторы, Ресей нақты ғылымдар академиясының академигі Валерий Леонидович Абрамовпен кездесу өткізді.***

В.Л. Абрамов – Ресей Федерациясының үкіметі жанындағы Қаржы университетінің Халықаралық экономикалық қатынастарды зерттеу орталығының бас ғылыми қызметкері әрі Ресей Федерациясы президенті жанындағы РАНХиГС Мемлекеттік қызметтің халықаралық институты «Экономиканы мемлекеттік реттеу» кафедрасының профессоры. Ол елуден астам монографиялар мен оқулықтардың, жүзден астам ғылыми мақалалардың авторы, көптеген халықаралық ғылыми-зерттеу гранттарының орындаушы-сарапшысы. Қазіргі кезде кафедра ұжымы академик В.Л. Абрамовпен бірлесіп, «Жаңа аймақтық бірлестік ретіндегі Еуразиялық экономикалық одақтың даму келешегі» атты біріккен зерттеу жұмысын гранттық негізде орындауда.

Дөңгелек үстел барысында Еуразиялық экономикалық одақтың ауқымында жүзеге асып жатқан жобалар, интеграцияны тереңдетуге кедергі жасаушы факторлар, одақтық біртектілік пен жеке-дара ұлттық мүдде үшін күресу қайшылықтары, ортақ валюта мәселесі, ұлтүстілік институттардың дамуы сияқты көптеген өзекті тақырыптар бойынша қызу пікірталас өрбіді. Іс-шараға кафедраның оқытушы-профессорлық құрамымен қатар, «Саяси орда» саясаттанушы-студенттер кәсіби үйірмесінің мүшелері, магистранттар мен докторанттар да белсенді қатысты. Әлемдік дағдарыс жағдайында біріккен іс-қимыл мен тығыз интеграциялық байланыстар арқылы ғана экономикалық қиындықтарға төтеп беруге болатындығы баса айтылды. Өзара тиімді алыс-беріске негізделген экономикалық бірлестікті саяси одақпен ешбір шатастырмау қажеттігі сараланды. Іс-шара соңында академик В.Л. Абрамов өзімен бірге ала келген ғылыми әдебиеттерін кітапхана қорына сыйға тартты.

**С.Ш. МҰСАТАЕВ,**
*саясаттану және саяси технологиялар кафедрасының профессоры*

**ҚазҰУ-да Қазақстан және ТМД елдеріндегі Thomson Reuters ресми өкілі Дария Бухтоярованың қатысуымен семинар өтті**

# Волонтеры – патриоты страны

***Международная специализированная выставка "Expo-2017" на протяжении трёх месяцев с 10 июня по 10 сентября примет около 100 стран-участниц и 10 международных организаций. Для Казахстана «Expo-2017» станет знаковым событием – никогда раньше международная выставка подобных масштабов не проходила в странах Центрально-Азиатского региона и СНГ. Проведение выставки – большой шаг к становлению Казахстана в качестве международной выставочной и информационно-презентационной площадки.***



Неотъемлемая часть мероприятий такого масштаба – это волонтеры. Молодые люди, которые встречают иностранных гостей, координируют их работу и составляют впечатление о стране в целом. Волонтер – во-первых, это человек, который несет пользу обществу и действует во благо его интересов. Во-вторых, это человек, который вышел из зоны комфорта, выбрав активный и полезный образ жизни. В-третьих, волонтер – это патриот. Мы верим, что все это касается и студентов КазНУ.

Управление молодежной политики совместно с «Expo-2017» при организации департамента по воспитательной работе в лице Комитета молодежных организаций КазНУ провели в нашем университете презентации для студентов первого курса на тринадцати факультетах одновременно. Более 2,5 тыс. студентов изъявили желание присоединиться к большому коллективу волонтеров, а именно к общественному фонду «Лига волонтеров» г. Алматы, который курирует вопросы волонтеров Expo. Ни это ли является доказательством активной гражданской позиции студентов национального вуза.

В течение последних нескольких лет мы практикуем методы социального партнерства для построения системы студенческого самоуправления. И, это приносит свои плоды уже сейчас. Студенты КазНУ, привыкшие принимать решения самостоятельно, брать на себя ответственность за других, в очередной раз доказали это стремлением внести свой вклад в дело государственного, или даже международного масштаба. 50 тыс. студентов первого курса из 38 вузов города начали подавать заявки, но только 100 из них станут волонтерами Expo от Алматы. Мы верим, что ими станут наши студенты.

Впереди нас ждет интересная и насыщенная жизнь самого молодежного города Казахстана. И молодежь КазНУ еще не раз подтвердит звание самых активных студентов южной столицы и республики.

**Соб.корр**

# «Көсемсөздің көсемі»

*Жалғасы. Басы 1-бетте*



*Досжан Балабекұлы (фото)*

Жарық көріп отырған кітап – шаң басқан архивтерді ақтарып, дерек пен дәйек іздеген ғалым еңбегінің жемісі. Ұлт мүддесіне тиесілінi қайта жаңғыртып, ғылыми ізденістің арқасында ел-жер көрген ұстаздың азаматтық тұлғасы көпке үлгі. Тұсаукесер рәсімінде сөз алған профессор Какен Хамзин: «Аманқостың қаламынан туған бұл кітапты құнды деп бағалаймыз. Осындай үлкен зерттеу еңбегін алаш алыптарына арнағандығы – біз үшін үлкен қуаныш. Бұл журналистерге де, оқытушыларға да үлгі-өнеге. Жиған-терген материалдарының арқасында Сібір, Санк-Петербург, Татарстан қалаларын аралап, соны сұрыптап шығудың өзі – әркімнің қолынан келе бермейтін күрделі еңбек. Сол себепті бұл кітап тек Аманқостың ғана емес, қазақ зерттеушілерінің толағай табысы деп есептеймін», – деп, кітапқа оң бағасын берді.

Отандық ғылымды дамыту мақсатында тынымсыз еңбек етіп, алаш алыптары атқарған қыруар істі зерттеп, құнды мұраны кітап етіп шығарғандығы ардақты ұстаздың ғылымға шынайы берілгендігінің бір дәлелі болса керек. Мұны «Айқын» қоғамдық-саяси газетінің бас редакторы Нұртөре Жүсіптің мына салмақты сөзінен аңғаруға болады: «Тарихымызды тасқа жазып кеткен халықпыз ғой. Мына тас дәуіріндегі тың деректерді іздеп, жазып жүрген жалғыз адам Аманқос Мектеп-тегі екенін ел біледі. Нәтижесінде, бүгінде тасқа басылған баяғы дүние әлі күнге дейін жалғасын табумен келе жатыр. Өйткені, Аманқостың ғылымға деген құрметі, ізденіс-ілтипаты ешқашан жоғалмаған, жоғалмайды да. Ақпаратсыз, ағартушылық қызметсіз ұшпаққа жету мүмкін еместігін білгендіктен, осындай құнды зерттеу еңбек жазылып отыр».

Расымен де, құнды дүние жазу үшін көп ізденіс пен жігер қажет. Бұл еңбекте автор мемлекет және қоғам қайраткері, көсемсөз шебері – Халел Досмұхамедұлының өмір жолы мен шығармашылық қызметінің көпке беймәлім тұстарын зерделеп, өзгешеліктерін топтастыра келе жазған.

«Көсемсөздің көсемі» деп аталған кітап екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде қайраткердің саяси-қоғамдық көзқарасының қалыптасуы, қазақ демократиялық баспасөзі негізінің қалануы және Халел Досмұхамедовтің публицистикасы туралы баяндалса, екінші бөлімге көсемсөз шеберінің мақалалары жинақталған.

Мұндай ғылыми еңбектің алдағы уақытта да өз жалғасын табатындығына шүбә келтірмейміз. Өйткені, журналист деген қиындығы мен қызығы қатар жүретін, жауапкершілікті сезіне білу керектігін түсіндіретін үлкен де даңғыл жолдың мінберінде жүрген әріптестері Аманқос ұстазды еңбексүйгіш, қажыр-қайраты зор, жігерлі ұстаз ретінде таниды. Осы салада талмай еңбек етіп, көзі ашық, көкірегі ояу зерделі жастарды тәрбиелеуден еш жаңылған емес.

Аманқос Мектеп-тегінің дәрісін тыңдап, өнеге алған шәкірттері бүгінде түрлі БАҚ саласында қызмет етіп, озық ойлы, кемел қабілетті, парасат-пайымы терең, қиялы ұшқыр, жаңашылдығы мол ұстаздан тәлім алғандықтарын мақтан етеді. Абыройың артып, еңбегің жана берсін, ардақты ұстаз!

**Жұлдыз ӘБІЛ**




***Адамның балалық бал дәурені – ең қызықты, ең тәтті күндер. Алайда, тағдыр тәлкегіне ұшыраған, балдай тәтті балалық шағында батпандай ауыр мұң арқалаған жаутаңкөздеріміз сол бақытты толыққанды сезіне алмасы анық. Осындай бүлдіршіндеріміздің өмірге деген құлшынысын, жігерін арттыру мақсатында физика-техникалық факультетінің «Көмек» қоғамдық қоры жақында SOS Алматы балалар қалашығына барып, тәрбиеленушілер арасында «Алтын күз – 2015» байқауын ұйымдастырды.***

# Жүрек жылуы

Байқау барысында кішкентай бүлдіршіндеріміз әсерлі ән шырқап, мың бұрала би биледі, жыр шумақтарын оқыды. SOS Алматы балалар қалашығы ұлттық қорының директоры Алтынай Үсенова: «Бүлдіршіндеріміздің байқауға үлкен қызығушылықпен дайындалғаны байқалып тұр. Олардың өнеріне сүйсініп отырдым. Талаптарына нұр жаусын! Өмір жолдары ашық болсын!» – деп ақ тілегін жеткізді.

Тамшыдай жақсылық – таудай табыстың бастау бұлағы. Мейірімге, жылы сөзге, көмекке мұқтаж жандарды демеп, қол ұшын созар жандар арамызда көп болсын дейміз! Сондай жандардың басын қосқан «Көмек» қоғамдық қорына да шынайы алғыс білдіреміз. Жастарға берер үдгілеріңіз көп болсын!

**Сымбат АЙДАРХАН,**
*Студенттік баспасөз орталығы*

**13 ноября на факультете международных отношений состоится мини-модель НАТО**

***Кафедра всемирной истории, историографии и источниковедения КазНУ проводит широкое научное сотрудничество с ведущими университетами Европы и азиатских стран. Так, ученые кафедры приняли активное участие в работе V международной научно-практической конференции «Государственная власть и крестьянство в XIX-начале XXI веке», которая прошла на базе государственного социально-гуманитарного университета г. Коломны Московской области (РФ) в рамках научного проекта «Народ и власть: история России и ее фальсификация».***

# Расширение научных связей

Конференция отличалась тем, что ее участники, представляющие ведущие научные центры и вузы России, Украины, Казахстана и Белоруссии, поднимали теоретические и методологические вопросы по различным проблемам крестьяноведения. На пленарном заседании заслушивались доклады, созвучные современным проблемам, например «Голод 1932-1933 г. г.: геноцид украинского народа или общая трагедия народов СССР?» (член Совета Федерации Федерального Собрания РФ, д.и.н., профессор В. В. Кондрашин), «Взаимоотношения власти и крестьянства в Российской империи в начале XX века» (д.и.н., профессор А. В. Михайлюк, г. Днепропетровск, Украина), «Крестьянское сознание как доминанта русской революции» (к.и.н., доцент РГГУ П. П. Марченя) и др. В ходе конференции работало шесть секций, в которых участвовало более 80 человек.

В ходе работы конференции участниками рассматривались следующие проблемы: образ города в восприятии крестьянства, государственная политика и крестьянская колонизация национальных окраин во второй половине XIX в., аграрный кризис и крестьянская экономика России к. XIX-нач. XX в., крестьянин между городом и деревней на рубеже XIX-XX в. в., крестьянская община в российской истории, социальные конфликты в деревне, социально-экономическое конструирование программы «социализации земли» и др., также рассматривалось политическое поведение крестьян, для которых характерна десакрализация власти, приводящая к анархии. Мною был представлен доклад на тему: «Организация землеустройства крестьянства в Семиречье в период «военного коммунизма».

После завершения работы секций проводился круглый стол «Крестьянин и империя: истоки и смыл русской смуты». Его задачами являлось рассмотрение состояния крестьянского вопроса в отечественной и мировой истории, проблемы и перспективы крестьяноведения на постсоветском пространестве. Кроме того, в ходе круглого стола рассматривались такие проблемы, как: «XX век в России: «раскрестьянивание» или «окрестьянивание» страны; феномен Империи в контексте крестьянской социальной утопии; сущность и механизмы крестьянской революции первой трети XX века; власть и революция в «зеркале политической культуры русского крестьянства»; крестьянский мир и империалистическая война в контексте столкновения Традиции и Модерна; крестьянская ментальность России в условиях войны, смуты и революции; крестьяне и партии: неполитическое измерение истории российской многопартийности; крестьяне и либералы: причины трагедии русского либерализма; российский парламентаризм в контексте системного кризиса России; большевики: между буквой марксизма и стихией русской смуты; феномен сталинизма в контексте Русской Смуты и народной социальной утопии.

Также состоялись дискуссии о том, была ли крестьянская революция самостоятельной или же была спровоцирована городом?; о характере первой русской революции; сколько было революций в России в начале XX века – три или одна большая революция, начавшаяся в 1902 г. с начала аграрных беспокойств на Полтавщине и закончившаяся в 1937 г.?; можно ли применить термин «крестьянская война» к событиям в России в начале XX века?

Сотрудничество КазНУ с университетом в г. Коломне является показателем расширения научных связей с российскими вузами и научными центрами, участия в российских научных проектах. Участие в конференции и работе круглого стола было интересно в теоретическом плане и с точки зрения методологии науки, дало большой импульс для дальнейших исследований по аграрной проблеме. Со стороны российских и украинских коллег был проявлен большой интерес к участию в научных форумах КазНУ.

**Ф. Н. МИЙМАНБАЕВА,**
*доцент кафедры всемирной истории, историографии и источниковедения*

# Семейный бизнес – фактор стабильности общества

***В рамках кружка «Отбасы» кафедры социологии и социальной работы КазНУ состоялась встреча студентов социологов и социальных работников с предпринимателями г. Алматы. Лейтмотивом обсуждения стала тема: «Семейный бизнес как фактор стабильности современного общества» по университетскому проекту «Айналанды нурландыр».***



Приветствуя участников круглого стола, руководитель кружка «Отбасы» д. с. н., профессор Зауре Жаназарова отметила актуальность проводимой встречи. Обращаясь к участникам круглого стола, она отметила, что сегодня в глобальную повестку дня в полный рост встает вопрос культивирования в жизнь постулатов Общества Всеобщего Труда, выдвинутых Елбасы Нурсултаном Назарбаевым в его работе «Социальная модернизация Казахстана. Двадцать шагов к Обществу Всеобщего Труда». В ней Президент подчеркивает, что: «Сегодня труд – как решающий национальный фактор в условиях XXI века, в условиях глобальной конкуренции – должен быть выдвинут на первый план». З. Жаназаровой было отмечено важное значение ценностей семейного и домашнего бизнеса, в котором широкое развитие получает адаптационная функция, функция морального воспитания и передачи нравственных ценностей подрастающему поколению. Она обратила внимание на главную цель встречи – углубление диалога между представителями бизнеса и университета по привлечению молодежи – студентов к самостоятельному труду, возникновению собственных идей – главного стимула в выборе путей в дальнейшей жизни.

Главное внимание в своем выступлении предприниматель Павел Коновалов акцентировал на знание и образование, которые так необходимы студентам. «Без знания ничего не получится, потому что быть предпринимателем очень сложно и трудно. В процессе долгих лет занятия в этой сфере приходится встречаться со многими людьми. Только знание и упорство, умение грамотно вести диалог, помогает выйти из труднейших ситуаций», – отметил он. С его мнением были согласны и другие гости – предприниматели Елена Косинова и Олег Пряхин.

Один из организаторов круглого стола д. с. н., профессор Ж. Нурбекова обратила внимание присутствующих на важность социально-ответственного бизнеса и, особенно, благотворительности в современном мире. Ею было отмечено, что Центром социологических исследований и социального инжиниринга кафедры социологии и социальной работы регулярно проводятся исследования с предпринимателями Казахстана. Выяснилось, что 90% предпринимателей занимаются благотворительностью. В ходе обсуждения проблем предпринимательства,участниками круглого стола было выражено мнениео необходимости принятия Закона о благотворительности, который в дальнейшем способствовал бы созданию цивилизованной основы казахстанского бизнеса.

Первостепенное внимание участников встречи – преподавателей, студентов, магистрантов было направлено на значимые задачи в сфере систематизации образовательного процесса и подготовки кадров. Особое внимание этим вопросам также уделила к.э.н., ст. преподаватель кафедры Высшей школы экономики и бизнеса Айман Ережепова.

Также большую активность в мероприятии проявили студенты бакалавриата и магистратуры. Они подготовили доклады и выступления на темы: «Традиции благотворительности и меценатства в казахском обществе и их дальнейшее развитии в современное время», «Социологический портрет женского бизнеса», «Семейный бизнес: проблемы и перспективы развития в Казахстане», вели дискуссии, задавали вопросы, на которые с большим интересом отвечали гости.

В завершение работы круглого стола выступил д.с.н., профессор Кенес Биекенов, который ознакомил участников встречи с деятельностью кафедры социологии и социальной работы в сфере подготовки профессионалов социологов и социальных работников. Профессор привлек внимание присутствующих на оформленную выставку круглого стола, и подчеркнул важность работы кружка «Отбасы», который носит светский характер.

Вопросов, касательно семьи в казахстанском обществе, много, и они, по мере возможности, будут также выноситься на очередные заседания круглых столов вышеназванногокружка.

**З. Ж. ЖАНАЗАРОВА;**
**Ж.А. НУРБЕКОВА,**
*доктора социологических наук, профессоры кафедры социологии и социальной работы*

# АТҚА МІНГЕН АРУЛАР

***Жуырда Алматы қаласы әкімдігі, «ЕрАзамат» қоғамдық бірлестігі және ҚазҰУ-дың ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғаммен байланыс кафедрасының қолдауымен өткен көшбасшы әйелдер апталығы аясында профессор Л.С. Ахметованың «Алматы қаласының көшбасшы әйелдері» атты жаңа кітабының тұсаукесері өтті. Кешке аталған кітаптан орын алған еліміздің көшбасшы әйелдері шақырылды.***



Шараны ашқан журналистика факультетінің деканы Сағатбек Медеубекұлы қайраткер әйелдердің қоғамдағы рөліне тоқталды. Өз кезегінде шараға қатысқан көшбасшы әйелдер өздерінің жетістікке қалай қол жеткізгені және сол жетістікке жету барысында қандай қиыншылық пен кедергілер кездескені жайында студент жастарға әңгімелеп берді. Ондағы мақсат – жастарды еңбекқорлыққа шақыру, олардың да жетістікке жете алатынын көрсету еді. Зейнет жасынан асса да, ел үшін қызмет етіп жүрген мемлекеттік және қоғамдық қайраткерлер, Алматы қаласы әкімдігінің Әйелдер және отбасы демографиялық саясаты комиссиясының мүшелері – Клара Летникова және Күмісжан Өмірбаеваның, арбаға таңылса да, қоғамдық істерге араласып, мүмкіндігі шектеулі жандарға үміт сыйлап келе жатқан, «Шырақ» мүгедек әйелдер қауымдастығы қоғамдық бірлестігінің төрайымы Ләззат Қалтаеваның өнегеге толы әңгімелерін студенттер аса үлкен ықыласпен тыңдады. Кешке келген әрбір әйелдің өз тағдыры, өз өмір жолы, өз мақсаттары бар екені сөйлеген әрбір сөзінен көрініс тапты.

Кездесу барысында «Жанашыр» халықаралық қоғамдық қоры, «Шырақ» мүгедек әйелдер қауымдастығы қоғамдық бірлестігі және ҚазҰУ-дың журналистика факультеті арасындағы меморандумға қол қойылды. ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғаммен байланыс кафедрасының меңгерушісі Назгүл Шыңғысова қонақтарға алғыс білдіре отырып, болашақта тығыз байланыс орнатуға, бірлескен іс-шаралар өткізуге шақырды.

Кітап авторы Л.С.Ахметова: «Бұл – кітаптың тек бірінші бөлімі. Елімізде көшбасшы әйелдер көп және оны бір кітапқа сыйғызу мүмкін емес. Сондықтан кітап болашақта жалғасын табады», – дейді.

Иә, заман талабына сай адамдардың қоғамға деген көзқарасы өзгеріп келеді. Кезінде қазақ әйелінің жұмысы бала тәрбиелеу, отбасы шаруасымен шектелсе, қазіргі қазақ әйелінің қоғамдағы орны мүлде өзгеше көрініс алды. Кітапқа арқау болған әйел азаматтардың бүгінде ерлермен бірге ел дамуына өз үлесін қосып жүргендігі сөзіміздің жарқын мысалы болып отыр. Осы тұста «Әйел бір қолымен бесікті тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді» деген дана сөз еске оралады.

**Гүлдана ҚАЗТАЙ,**
*Студенттік баспасөз орталығы*

**11 қараша күні «Қазғарыштың» тұңғыш ғарышкері Айдын Айымбетовпен кездесу өтеді**

# ЕҢБЕКТІ ПІР ТҰТҚАН

**Қазақ білімі мен ғылымының дамуына өзі де үзбей еңбек еткен профессор Ғазиз Нұрмұхамбетұлы Бағаутдиновтың туғанына биыл – 100 жыл толып отыр. Ол 1915 жылы 7 наурызда Ақмола қаласында дүниеге келген болатын.**



Ғазиз Нұрмұхамбетұлы Бағаутдинов – академик К.П. Персидскийдің шәкірті, 1938 жылы В.И. Ульянов-Ленин атындағы Қазан университетін бітірген. К.П. Персидскийге аспирантураға түсіп, оның үшінші жылында Қазақ мемлекеттік университетіне (1941 ж.) жұмысқа орналасты. Осы жылы Ғазиз Нұрмұхамбетұлы армияға шақырылып, Ұлы Отан соғысында Мәскеуді қорғауға, Калинин және 2-Прибалтика майдандарында ұрыстарға қатысқан. Жауынгерлік Отан соғысы 2, 3 дәрежелік ордендарымен және оншақты медальмен марапатталған. Майданнан 1945 жылдың желтоқсанында оралып, 1997 жылдың ортасына дейін дифференциалдық теңдеулер кафедрасында жұмыс істеді. Одан кейін де факультетте қызмет істеп, университет, факультет тарихын, оған еңбегі сіңген белгілі ғалымдар туралы деректі материалдарды жазып, ұжымға үлкен көмек көрсетті. Дифференциалдық теңдеулер кафедрасын көп жылдар бойы басқарып, оқу жоспарларын, пән бағдарламаларын айқындауда маңызды жұмыстар істеді. Кафедрада білім алушы студенттер мен аспиранттардың ғылыми деңгейін көтеру үшін Мәскеуден ғалымдар шақырды. Университетте оқу үдерісін ғылыми негізде басқару комиссиясына дем беріп, оны ұйымдастыруда жол көрсеткен осы Ғазиз ағамыз. Ол республика деңгейіндегі майталман әдіскер болатын. К.П. Персидский басқарған кандидаттық диссертация қорғау кеңесінің 15 жыл бойы хатшысы болды.

Ғазиз Нұрмұхамбетұлы 70-тен аса ғылыми жұмыс жариялап, екі монография, үш оқу құралын жарыққа шығарды. Ол бірінші болып дербес туындылы бірінші ретті (ақырлы және саналмалы) дифференциалдықтеңдеулершешімдерінің орнықтылық мәселесін зерттеп шешті. Оның ғылыми жұмыстарының көпшілігі дифференциалдық теңдеулердің саналмалы жүйесінің теориясына арналды. Ол жүйелер шешімінің бар және жалғыз болу шарттарын кеңейтті (К.П. Персидский мағынасындағы жалпыланған шешімнің бар және жалғыз болу мәселесі). Осы мәселелерді К.П. Персидский енгізген сызықтық емес кеңістікте зерттеп, нәтижелер алды. Ғазиз Нұрмұхамбетұлының жетекшілігімен және ғылыми кеңесшілігімен төрт кандидаттық диссертация қорғалды. Қорғау алдында оған келіп ғылыми кеңес алушылардың саны бірнеше ондықты құрайды. 2003 жылы Ғазиз Нұрмұхамбетұлына Қазақ ұлттық университетінің құрметті профессоры атағы берілді.

Ғазиз Нұрмұхамбетұлы жас мамандардың, ғылыми зерттеушілердің бірнеше буынын тәрбиелеп шығарды. Белгілі ғалым-математиктердің көбісі ғылымға жолдаманы осы кісінің қолынан алған болатын. Ол жұмысқа тиянақты, жауапкершілігі зор, талап қойғыш кісі еді. Дәрістерді кеңінен оқып, барлық бағдарламалық материалды беруге тырысатын. Студенттен де оларды білуді талап ететін. Барлық сұрақтарға жауап беріп, олардың мәнін ашатын көптеген есептерді шығармай, Ғазиз ағаның емтиханынан өту мүмкін емес-ті. Уақытқа ол кісі көп мән бермейтін, қашан керек жауапты естігенше сұрай беретін. Көбінесе студенттер таңертеңгі 9-10-да кіріп, түс ауа босайтын. Кейде тіпті түнгі 12 немесе 2-де шығып жататын. Бірде осылайша емтихан алып отырғанда Құрат жеңгеміз келіп, терезеден: «Ғазиз, өзің отырсаң отыра бер, қызды жібер үйге», – деп дауыстағаны есімде. Емтихан тапсырушылардың арасында Ғазиз аға мен Құрат жеңгемiздің қызы – Нұрия бар болатын. Сөзге орай айта кеткен жөн, Ғазиз ағаның балаларының бәрі озат оқыды. Жұмысты беріле істеуі, шығармашылық қасиетінің барлық кезде бойынан табылуы, өзіне деген талап қойғыштығы ол кісінің балаларының да бойынан табылады.

Ғазиз Нұрмұхамбетұлы өмірінің соңына дейін факультеттің қоғамдық өміріне белсене араласып, бар мүмкіндігінше ағартушылық қызметін атқарды. Қазақ ұлттық университетінің 70 жылдығына орай жарық көрген механика-математика факультетінің тарихын құрастырушылардың жетекшісі болды. Оның басым бөлігі осы кісінің дайындаған материалдары бойынша жазылды.

Ғазиз Нұрмұхамбетұлы университеттің оқу-әдістемелік жұмысына көп еңбек сіңірді. Университет проректорлары Я.Ә. Әубәкіров, А.Т. Лукьяновка жауап беру керек маңызды құжаттарды дайындауға көп көмектесті. Ол күн-түн демей соларды тап-түйнақтай етіп жасап қоятын. Арасында осындай жұмыстарға мені де тартатын. Кафедра бойынша оқылатын сабақ тақырыптарының логикалық байланыстарын, күнтізбелік жоспарларын, әдістемелік нұсқаулар мен талқыламаларды жазуға біраз уақытты бөлуге тура келетін. Сол жұмыстардың арқасында оқу үдерісін бақылап, оны жетілдіруде біраз тәжірибеге ие болдым.

Ғазиз Нұрмұхамбетұлы Ұлы Отан соғысының ардагері ретінде де есте қаларлықтай болды. Жыл сайын 9 мамыр кафедра үшін өте қадірлі де киелі күн болып саналатын. Ол күнге біз алдын ала дайындалатынбыз. Құттықтау рәсімдерін шын жүректен ұйымдастырып, оған университеттегі соғыс ардагерлері – Ғ. Жұматовты, З. Пусырмановты, Т.П. Струцты, В.А. Сапаны шақыратынбыз. Олар өз кезегінде естеліктерімен бөлісіп, Ғазиз Нұрмұхамбетұлына ризашылықтарын білдіретін. Өмірінің соңғы жылында Ғазиз Нұрмұхамбетұлы өзінің 90 жылдық мерейтойы емес, Ұлы Жеңістің 60 жылдығына аман-сау жетсем екен деп армандайтын. Өкіністісі, ол арманына жете алмай кетті. Ғ.Н. Бағаутдинов еңбектері жетістіктері үшін көптеген марапаттауларға ие болды. Олардың ішінде соғыстағы ордендері мен медальдарынан бөлек, Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің грамотасы, Құрмет грамотасы, Жоғары оқу орны үздігі белгісі және КСРО-ның 12 медалі бар.

Еңбекқорлығы, білімділігі, жоғары жауапкершілік қасиеттері ол кісіні көптеген комиссия жұмысына мүше етті. Онымен қоса зіл батпан жүк артты. Оқу үдерісін дамытуға арналған бұл еңбектері КСРО Жоғары білім беру министрлігі тарапынан тиісінше бағасын да алды. Ол кісіні еңбектері күні бүгінге дейін өзінің мәнін жоғалтқан жоқ.

**Ж. СҮЛЕЙМЕНОВ,**
*ҚР Педагогикалық ғылым академиясының академигі, математика профессоры*

# Ұстаз есімі өшпейді

**Қадыкенов Болат Мүгдеұлы 1935 жылы 7 тамызда Алматы қаласында дүниеге келген. 1957 жылы С.М. Киров атындағы ҚазМУ-дың физика-математика факультетін «математика» мамандығы бойынша үздік бітірген. Сол жылы Мәскеу қаласындағы КСРО ҒА В.А. Стеклов атындағы Математика институтының аспирантурасына түскен. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да 1963 жылдан бастап жұмыс істеді.**

Алдымен жоғары геометрия кафедрасының ассистенті, 1976 жылдан бастап аға оқытушы, содан соң 1989 жылдан бастап қолданбалы талдау кафедрасының доценті қызметтерін атқарды. 1995-2002 жылдар аралығында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың механика-математика факультетінің дифференциалдық теңдеулер және математикалық физика кафедрасында доценттік қызмет атқарды. 2002 жылдың қыркүйек айында профессор қызметіне ауысты.

Университетте жұмыс істеген уақытында ол талап қойғыш, табанды және жоғары білікті маман екенін көрсетті. Механика-математика және физика факультеттерінде дифференциалдық теңдеулер және математикалық талдау мамандықтары бойынша жоғары ғылыми-әдістемелік деңгейде дәрістер және практикалық сабақтар жүргізді. Бакалавр және магистратура студенттеріне «Сингулярлы ауытқымалы есептерді шешудің асимптотикалық әдістері» тақырыбы бойынша арнайы курстар және арнайы семинарлар жүргізді.



Ғылыми зерттеулерінің бағыты: сингулярлы ауытқымалы дербес туындылы дифференциалдық теңдеулер шешімін зерттеу. Алған нәтижелері асимптотикалық әдістер бойынша өткен Бүкілодақтық конференцияларда баяндалды. 1984 жылы «Асимптотические разложения решений сингулярно возмущенных краевых задач для линейных гиперболических уравнений и систем с неполными вырождениями» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғады. 2002 жылы оған әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры академиялық ғылыми атағы берілді.

Б.М. Қадыкенов – 19 ғылыми мақаланың, «Асимптотика решений сингулярно возмущенных краевых задач для линейных гиперболических уравнений и систем» атты монографияның және «Дифференциалдық теңдеулердің есептері мен жаттығулары» атты оқу құралының авторы. 1993-1999 жылдар аралығында физика-математика ғылымдары бойынша Диссертациялық кеңесінің мүшесі болды. Оның жетекшілігімен 3 диссертация қорғалды. 2009 жылы «ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері» белгісімен марапатталды.

Болат Мүгдеұлы университет ұжымында білімді де білгір, аса беделді маман болды. Жайсаң мінезімен, терең білімімен, байсалдылығымен есте қалған ұлағатты ұстаз есімі жадымыздан мәңгі өшпейді.

**М.К. ДАУЫЛБАЕВ,**
*физика-математика ғылымдарының докторы, профессор*

**12 ноября во Дворце студентов им. У.Жолдасбекова состоится показ фильма «Жат»**

# ШӘМШІ ӘНДЕРІ ШЫРҚАЛДЫ

***Шәмші Қалдаяқов! Қазақ вальсінің королі! Ерекше талант иесі, көрнекті композитор, ән жанрындағы атақты сазгер, қазақ өнерінің майталманы. Қазақстан мәдениетіне еңбегі сіңген қайраткер, Қазақстан Республикасының халық әртісі. Шәмші атамыздың әндерінсіз бүгінгі күндегі ән сахнасын елестету мүмкін емес.***



Қайталанбас әндерімен елін баурап, тербеткен сазгер Оңтүстік Қазақстан облысының Қызылкұм ауданында дүниеге келіп, бала кезінен бойындағы бар талантын алқалы жиындарда көрсете білген. Халық әндерімен сыңғыр сазды ұштастыра білуі – оның өз ұлтының музыкалық дәстүрі сүтін емірене еміп өскендігінің дәлелі. Өткен ғасырдың 60-шы жылдарының ортасынан бері қазақ даласын нәзік сыңғыр үнімен терең мәнге толтырған Шәмші әндері бесіктегі сәбиді, жалындаған жасты ғана емес, үлкен буын қауымның да, әртүрлі ұлт өкілдерінің де көңілін, жан дүниесін өзіндік ерекше үнімен баурап алды. Оның рухымызды көтеріп, отаншылдықтың қайнар көзі болып табылатын «Менің Қазақстаным» туындысы ерекше дәрежеге ие. 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі кезінде еліміздің жастары Алматының орталық Жаңа алаңында шырқаған бұл ән 2005 жылы мәтініне аздаған заманға сай өзгертулер енгізіліп, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұраны болып бекітілді.

40 жылдан астам шығармашылық ғұмырында Ш.Қалдаяқов 300-ге жуық музыкалық туынды жазған. Олардың ешқайсысы да ұмытылмақ емес және өміршеңдігіне де көзіміз жетіп отыр. Жыл сайын Алматы қаласында Шәмші әндерінің концерттік кештері, 1992 жылдан бастап сазгерлер мен әншілер үшін Қалдаяқов атындағы халықаралық байқау-фестиваль дәстүрлі түрде өтіп тұрады. Бүгінгі күнде сазгердің әндерінсіз ешбір мереке де, ешбір той-думан да өтпейтінін барша қауым біледі.

Осындай бір тамаша ән кеші жақында ҚазҰУ-дың №6 Студенттер үйінде болып өтті. Шәмші Қалдаяқовтың 85 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған бұл шара «Шәмші табиғаты» деп аталды. Екі сағатқа жалғасқан әуезді кеш ешкімді де жалықтырмады. Мәдени-танымдық шараны ұйымдастырған – Ақпараттық жүйелер кафедрасының оқытушы-профессорлар құрамы.

Кешті жүргізген аға оқытушы Болат Құсайынұлы Әбенов сазгердің шығармашылығын қысқаша баяндап, оның тағдыр-талайының қалың жұртқа беймәлім тұстарын, адами болмысын қызықты әңгімелеп берді. Сазгердің арасына 30-40 жыл салып табылған «Арқалықтың ақ таны», қолды болып, дау тудырып, авторға қайтарылған «Ақсудан ұшқан аққуым» сияқты әндерінің тарихын жеткізді. Сөз арасында студенттер мен оқытушылар, кеш қонақтары жүргізушіге қосылып, Шәмшінің кең тараған «Ақ бантик», «Ақмандайлым», «Ақ ерке – ақ Жайық», «Қайдасың», «Кешікпей келем деп ең», «Сыр сұлуы», «Қуаныш вальсі», «Бақыт құшағында», «Қайықта», сирек айтылып жүрген «Қаракөз», «Құшақ жайған қандай адам» және тағы басқа әндерін нақышына келтіріп орындады. Жиналған жұрт Ш.Қалдаяқовтың Мұхтар Шахановтың сөзіне жазылған «Өмір – өзен» әнін орындаған «Автоматтандыру және басқару» мамандығының 1-курс студенті Қазымова Еркежанның өнеріне тәнті болды.

Орындалған әндердің тылсым табиғаты тыңдаушыларды балғын балалық, жалынды жастық шақтарына жетелеп, Шәмшінің ән әлеміне алып кеткендей әсер қалдырды. Жиынға жиналған жұрттың қысылмай-қымтырылмай бірігіп ән орындауы шараны ұйымдастырушыларды қуантып қана қоймай, студенттер мен аға буын өкілдерінің Шәмші әндерін бойларына сіңіріп өскендерінің, көрермендердің Шәмші әндеріне деген махаббаты мен сүйіспеншіліктерінің айқын дәлелі болды.

Кешті профессор Б. Бөрібаев қорытындылап, кешті жүргізген Б.Қ. Әбеновке, слайд-шоу көмегімен көркемдеп, естелік-фотосуреттермен әрлеген аға оқытушы Б.С. Омаровқа және тәлімді шараны шаршамай, тік тұрып тамашалаған көрермендерге деген үлкен ризашылығын білдірді.

Кештен үлкен ләззат алып, жайдары тараскан тыңдаушылар Шәмшінің әндерін шырқап бара жатты...

**Мадина ҒАЗИЗОВА,**
*механика-математика факультетінің 3-курс студенті*

# Дара тұлға

**«Әлемнің өзгеруін қаласаң, сол өзгерудің алғашқысы өзің бол», – деген нақыл сөзін кейінгі ұрпаққа мұра ретінде қалдырып кеткен Махатма Ганди – Үндістанды Ұлыбританиядан азат ету үшін күрескен ғасыр адамы. Тұлғаның ұлылығы сол – азаттық үшін күресте бір тамшы қан төкпей, ешқандай қарсылықсыз елін егемендікке қарай алып шықты. Отыз жыл бойы осы мақсатта жүріп-тұрған тұлға елі тәуелсіздік алған соң, 1948 жылдың 2 қазанында дүниелік тіршілікпен қош айтысып, жер қойнауына кете барды.**

Гандидің ерен еңбегін бүгінгі үнді халқы мәңгі есте тұтып, жыл сайын көсемнің туған күніне орай еске алу шарасын республикалық деңгейде ұйымдастырып отырады. 2 қазан күні М.Гандиді еске алу шарасы тек қана Үндістан даласында ғана емес, ұлы тұлғаны қадір тұтқан Еуропа, Азия сынды бірқатар елдерде де бұл күн аталып өтіп жатады. Азия елдерінің ішінде Үндістанмен достығы мығым елдің бірі Қазақстан да елеулі шараны атап өтуге жыл сайын атсалысады.

Биыл да дәстүр бойынша әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Шығыстану факультеті, Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасы, үндітану бөлімі Үндістан Республикасының ҚР-дағы Елшілігі және Үнді мәдени орталығымен бірлесе отырып, Ганди саябағында тұлғаның туған күніне арналған еске алу шарасын өткізді. Кеш барысында Үндістан мен Қазақстанның Әнұрандары шырқалып, Үндістаннан арнайы келген әскери жасақ құрамалары патриоттық ән орындады.

Шара аясында Шығыстану факультетінің М.Ганди орталығында «Жас үндітанушылар» клубының ұйымдастыруымен «Үнді халқының дана тұлғасы – М.Ганди халық мақтанышы» атты дөңгелек үстел өтті. Онда М.Ганди өмірі мен ерен еңбектерінен хабар берген баяндамалар оқылып, студенттерге мол мағлұмат берілді.

**Дариға КӨКЕЕВА,**
*«Жас үндітанушылар» клубының жетекшісі, шығыстану факультетінің доценті, филос.ғ.к.*

**Биылғы жылдың ел тарихында, халқымыздың тағдырында алатын орны ерекше. Қазақ хандығының құрылғанына – 550 жыл. Осыған орай Қазақ ұлттық университеті жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің дайындық кафедрасында тыңдаушылардың танымдарын арттыру, отансүйгіштікке тәрбиелеу мақсатында «Тарихты білу – парызың!» атты сайыс өтті.**

# Тарихсыз болашақ жоқ

*«Қазақтың бүкіл тарихы – бірігу тарихы, тұтастану тарихы. Қазақ – тек бірігу, бірлесу жолында келе жатқан халық», – деді Президентіміз Н. Ә. Назарбаев. Ал, бұл ғасырда өмір сүріп отырған барша ұрпақ ғылым саласында өзіндік жол салар дара ұрпақ болуы тиіс.*

*Қазақ хандығының ең алғашқы хандары Керей мен Жәнібектің Шу мен Талас өзендерінің арасындағы аймаққа орналасып, қазақтың туын көкке көтергеніне, міне, 550 жыл толып отыр. Бұл оқиға – қазақ халқының тарихындағы ең маңызды оқиғалардың бірі. Ол ұлан-байтақ өңірді мекендеген қазақ тайпаларының басын қосып шоғырландыруда, қазақтың этникалық аумағын біріктіруде, қазақтың байырғы заманнан басталған өз алдына жеке ел болып қалыптасуын біржолата аяқтауда аса маңызды және түбегейлі шешуші рөл атқарды. Ата-бабаларымыз бірлік, ынтымақтастық, тұтастықтың «ұлы үлгісін» көрсетті. Біз осы ата-бабаларымыздың жеріміз үшін қасық қаны қалғанша күрескен ерліктерін жастарымызға насихаттап отыруымыз қажет.*

*Сайысқа алдын ала әр топтан он тыңдаушы іріктеліп алынды. Әрқайсысының реттік саны белгіленді. Сайыстың ережесімен жүргізушілер таныстырып өтті. Қазақстан тарихына қатысты сұрақтар, суреттер мен карталар бойынша сұрақтар қойылды. Тыңдаушылар белсенді атсалысып, өз білімдерін көрсетті. Сайыс қызықты әрі тартысты өтті. Бұл кеш тыңдаушылардың тарихи оқиғалар тізбегін еске түсіре отырып, болашаққа бағдар алуына ықпалын тигізді деп ойлаймыз.*

**М.Н. ИБРАГИМОВА,**
**С.А. НУСУПБАЕВА,**
*ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының оқытушылары*

Журналистика факультетінде «Біз де студент болғанбыз...» атты жаңа жобаның тұсауы кесілді

**Нұрғазы НҰРБОЛАТҰЛЫ**
*заң факультетінің 4-курс студенті*



# ҚАЗАҚСТАН

*Қазақстан!*
*Сен - менің бар байлығым!*
*Сенде ғана,*
*Білемін!*
*Балдай күнім.*
*Топырағыңнан айналдым торқадайын,*
*Рухың асқақ, қуатың болғай мығым!*

*Сүйіп өтем!*
*Мен сені жан жарымдай!*
*Өзің барда,*
*Өзім де,*
*Жан-жағым бай!*
*Сөндірмеймін отыңды,*
*Жарық болам!*
*Бір көшеңде қалса егер шам жағылмай!*

*Қазақстан!*
*Әр таңың шуақ берер!*
*Әр жылғаңнан зәм-зәмдай бұлақ келер!*
*Мейірімдісің!*
*Тербетіп бақ түнімде,*
*Ақ анамдай бесікке сылап бөлер!*

*Сен дегенде...*
*Кеудемде жаным дайын!*
*Сен түрленсең,*
*Түрленем сағымдайын!*
*Көрік берем қалаңа,*
*Белдеріңді,*
*Көгертемін секілді қалың қайың!*

*Пай, пай!*
*Менің керемет -*
*Нар Отаным!*
*Мен сенің қанат қаққан балапаның.*
*Қыран болып самғасам зеңгіріңде,*
*Асқарына қондырар Алатауым!*

*Желбіретіп көк туды желкемізде,*
*Береке бер,*
*Иә, Алла!*
*Ерке күзге.*
*Қызыр беріп батасын әрбір үйге,*
*Мәңгілік бақыт болсын өлкемізде!*

# ГЕНАҒА (GGG)

*Ұлы дала - Ұлытаудан нәр алған,*
*Өрлік пенен тек ерліктен жаралған.*
*Қайтпас рухты, қайсар ұлы қазақтың,*
*Жеңістерің күллі әлемге таралған.*

*Иә, Геннадий!*
*Сен — қырансың қырағы,*
*Асқар таудың құзы болған тұрағы.*
*Сенің әрбір жеңісіңді көргенде,*
*Өн-бойымды мақтан кернеп тұрады.*

*Жанарыңнан жалын көрем сөнбейтін,*
*Сен батырсың, езгіге еш көнбейтін.*
*Сөздеріңнен айналайын, Генажан,*
*«Текті туған қазақ ұлы — мен», — дейтін!*

*Шаршы алаңда шашаңа шаң жұқтырмай,*
*Еш қайтпадың «кімдігіңді» ұқтырмай.*

*Сені өзіне тең көрмеген тентектер,*
*Сұлап жатты сұсы қашып, тік тұрмай.*
*Жекпе-жекке шыққаныңда паңдана,*
*Тақым қысып отырамыз қамдана.*
*Жеңілмейтін ер қазаққа тәнті боп,*
*Таңдай қақты мына әлем таңдана.*

*Соққыларың сан соқтырған нөсерлер,*
*Қарсы алдыңда қапы қалды-ау бос ерлер.*
*Біле ме екен, сендей ұлдың қадірін,*
*Елін сатқан, еш пайдасыз есерлер?!*

*Сен қазаққа қымбаттысың барыңмен,*
*Қадірлісің қасиетті арыңмен.*
*Озып туған өр ұлы бар қазақтың,*
*Даңқы биік, сендей Ұлы дарынмен!*
*Жаса Гена!*
*Батыр қазақ қаныңмен!*



*Досжан Балабекұлы (фото)*

# Мендегі арман

*Қарашы!*
*Алатаудың асқарына,*
*Көкке ұмтылып тұрмай ма тастары да?!*
*Мен ылғи осы тауға қарап алып,*
*Арманымды ап ұшам аспаныма!*

*Иә, иә, арман бар менде де асқақ,*
*Барады қияндарға мені бастап.*
*Отанымның көгінде самғап ұшам,*
*Азғырушы ойларды артқа тастап.*

*Мендегі арман - елімнің көгергені,*
*Ал, Отаным!*
*Бақытқа бөлер мені!*
*Пайдам тисін бастысы,*
*Кесір болман,*
*Жақсы ат қалсын ұрпаққа келердегі.*
*Қыран болам күзетер аумағымды,*

*Барыс болам барлайтын жан-жағымды.*
*Аққу болам - сыйлайтын махаббатын,*
*Тұлпар болам қалайтын бәйге алуды.*

*Басты мақсат -*
*Табылу бір кәдеден,*
*Тіреу болу - бар болса сынған емен.*
*Екі аяғым,*
*Отаным, сенде болса,*
*Тоқтамайды ұмтылыс шыңға деген!*

*Әр тасыңнан үгілмес, жігер алып,*
*Әр тауыңда бөрі боп түнеп алып,*
*Ұлы Дала төсінде сайран салам,*
*...Кімдігімді өзге жұрт білер анық.*

*Жаратқанға сыйынып шын көңілден,*
*Тимеу үшін намысқа кім-көрінген,*
*Мақсатыма жетем де,*
*Батыр болам.*
*Биік ұстап туымды күн көрінген!!!*

# Екінші рет кезіктің

*Тағы да осы ару күз,*
*Кереметің де тез ұқтым.*
*«Автобустағы ару» қыз,*
*Екінші рет кезіктің.*

*Арада өтсін жыл мейлі,*
*Сондағы сезім сақтаулы.*
*Жүрекке әмір жүрмейді,*
*Көңіл тұлпары баптаулы.*

*Сәйкестік деген ғажап-ақ,*
*Жүректің ұрған қақпасын.*
*Жанымды күнде мазалап,*
*Сезімдер мұңға батпасын.*

*Ол жолғы мінген көлікпен,*
*Көп келіп еді адамдар,*
*Орнымды саған беріп мен,*
*Ой туып еді санамда әр.*

*Келбетің кернеп бойымды,*
*Тулаған еді бұл жүрек,*
*Қылығың болған тойымды,*
*Сол кезде сенің – «Қыз Жібек»!*

*Оң жағыма кеп отырдың,*
*Келіндей кербез, ерке тым.*
*Көп қарай алмай отырдым,*
*Баурады тағы келбетің...*

*Адамдар бүгін көп емес,*
*Кептеліс те жоқ көшеде.*
*Келдің бе болып сен елес?*
*Түсіме кірдің кеше де.*

*Тез жеттік бүгін ҚазҰУ-ға,*
*Созылмай көпке жақындық.*
*Бейнеңді осы жазуға,*
*Жетпеді, әттең, ақындық!*

*Сөнейін деген шоғымды,*
*Үрледің тағы тым сырлы.*
*Айтпады тілім жөнімді,*
*Білмеймін, неден қымсынды.*

*Қымсынды, қалды іркіліп,*
*Бар ма еді пайда, айтудан?*
*Сезім емес пе еді бір тұнық?!*
*Не ұттым кейін қайтудан?!*

*...Селт еткен сайын сезімді,*
*Бәйгеге қосу жарамас.*
*Мен қалағанмен өзіңді,*
*Сенікі мүмкін қаламас.*

*Жасқаншақ сезім жалығып,*
*Тыншыр да, келер қалпына.*
*Мұң көрпе түнде жамылып,*
*Ойларға батар қалқыма...*

*Қара түн көріп халімді,*
*Үйретер сабыр етуді.*
*Бәсейтіп жүрек жалынды,*
*Арылар ойдан не түрлі.*

*Сөкпеңдер мені жасық деп,*
*Сезімге бөгет жасаған.*
*Тұрсам да қанша асық боп,*
*Пайдасыз қылық жасаман.*

*Еңлік боп қайта жолықсаң,*
*Әкетем деп ем ауылға.*
*Алып қашудан қорықсаң,*
*Асықпа, жүрек, дамылда.*

*Сезімді кетсе сел алып,*
*Шын сүю деген далбаса.*
*Кетер ем үйге сені алып,*
*Құдайдан қорқу болмаса!*

# Сен мені ойладың ба?

*Тып-тыныш жүрген едім,*
*Тұп-түзу ойларым да.*
*Түсіме кірдің менің,*
*Сен мені ойладың ба?*

*Мөлдіреп екі көзің,*
*Қарадың қиыла көп.*
*Мен тұрдым қалмай төзім,*
*Есі жоқ мифға боп.*

*Айтасың бірдеңені,*
*Жүр дейсің меніменен.*
*Сұп-суық мұз денені,*
*Еріттің лебіңменен.*

*Еркелеп қарындасымдай,*
*Жымидың ақырын ғана.*
*Болса деп жарым осындай,*
*Мен баттым ойларға жаңа.*

*Тұрғанда жүрегім күліп,*
*Сезініп шаттықтың лебін.*
*Оятты бауырым кіріп,*
*Талқандап түсімнің шебін.*

*Аяқсыз қалды гүл сезім,*
*Осы ғой менің әр түнім!*
*Өңімнен сені іздедім,*
*Қайдасың, қайда, жарқыным?*

*Түсіме жиі кіресің,*
*Ақтарғың келіп сыр түнде.*
*Түсіме жиі кіресің...*
*Сен мені ойлап жүрсің бе?!*

# «ChemWay»

**Студенттердің ой-өрісін кеңейтіп, таңдаған мамандығының қыр-сырын меңгерту мақсатында ҚазҰУ-да түрлі шаралар ұйымдастырылады. Жуырда сондай шараның бірі – 1-курс студенттеріне арналған «ChemWay» интеллектуалды ойыны өткізілді. химиялық физика және материалдану кафедрасы мен Мұнай және газ ісі мамандығының 2-курс магистранттарының ұйымдастыруымен жүзеге асқан шараға студенттер үлкен қызығушылықпен қатысты.**

«ChemWay» интеллектуалды ойынын өткізудің негізгі мақсаты: 1-курс студенттерін химиялық физика және материалдану кафедрасымен таныстыру, олардың арасынан химиядан білімі жоғары студенттерді анықтау және оқу үдерісіне бейімделу процесіне септігін тигізу.

Ойынға 5 команда қатысты. Командалар алдын ала берілген бағдар бойынша тапсырмалар орындай отырып, әртүрлі «бекеттерді» аралады. Ойында химияның түрлі салаларына қатысты 10 «бекет» болды. Олардың тапсырмаларын орындау барысында қатысушылар



өздерінің жоғары білімдерін көрсетті.

Интеллектуалдық ойын нәтижесінде «Атом» командасы 1-орынға, «F4» командасы 2-орынға, «Эрудит» командасы 3-орынға ие болды. Жеңімпаздар арнайы жүлделер мен грамоталарға ие болды.

**Б.С.ХАМЗИНА,**
*химиялық физика және материалтану кафедрасының аға оқытушысы, ф-м.ғ.к.*

**На кафедре ЮНЕСКО, международной журналистики и связи с общественностью в рамках недели «Женщин-лидеров» прошла встреча с Лайлой Ахметовой**

# Тартысты дода жеңімпаздары анықталды

***Киелі қара шаңырағымыз ҚазҰУ-дағы алғыр ойлы әрі сөзге шешен жастарды біріктіріп отырған «Алтын сапа» интеллектуалды пікірсайыс клубының ұйымдастыруымен 31 қазан мен 1 қараша аралығында өткен аймақтық пікірсайыс турнирі өз мәресіне жетті. Аталған жарысқа Алматы және Тараз қалаларындағы жоғары оқу орындарының студенттері атсалысты.***



Турнирді ұйымдастыру барысында ел дамуының негізгі бағыттарын көрсететін және қатысушылардың тұлғалық деңгейдегі өсуін қамтамасыз ететін өзекті тақырыптар таңдалып, талқыға салынды. Турнирге алдын ала тіркеуден өткен қырық команда қатысты. Үлкен дайындық пен жеңіске деген құштарлықтары жетелеген ойыншылар өз білімдерін сынға салып, сайыстың көркін қыздыра түсті.

Тартысты додада Линкольн-Дуглас форматы бойынша үздік спикер СДУ-лық Ахметжан Абенов болса, американдық-парламенттік формат бойынша ҚазҰАУ «Зиялы қазақ» пікірсайыс клубынан Арайлым Қайып пен Асылжан Ниязбеков топты жарып шықты. Екінші орынды СДУ «Триумф» командасы - Бердімұрат Хасенұлы мен Ғалия Деме алып, ҚазҰАУ-дан Диана Рысбекова мен Нұрберген Әлидің командасы үшінші орынға жайғасты. Ойынға төрешілік еткен әділқазылар да өзара сынға түсіп, «үздік төреші» номинациясына ҚазҰАУ «Зиялы қазақ» пікірсайыс клубының мүшесі Несібелі Жұман ие болды.

Әулиеата өңірінен келген М.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің студенттері – Ерғали Абуғали, Нұрсейт Қарабаев, Лесбек Азаматты алтынсапалықтар үлкен қонақжайлылықпен қарсы алып, турнир соңында алғыс хаттармен ресми түрде марапаттады. Қонақтарымыз турнирге жоғары баға беріп, келесі турнирде жеңіске жетуге мүдделі екендіктерін атап өтті. Сондай-ақ Алматы қаласының басқа оқу орындарынан келген студенттер біздің қара шаңырағымызға келесі сайысқа тағы да келуге ниетті екендіктерін білдірді.

Турнирдің өткізілуіне демеу болған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің физика-техникалық факультетіне және химия және химиялық технология факультетіне алғыс білдіреміз.

**Рахиля БЕРКІНБАЙ,**
*«Алтын сапа» клубының мүшесі*

# Национальный праздник



***Ежегодно 29 октября Турция и Турецкая Республика Северного Кипра отмечает один из главных национальных праздников - День республики (Cumhuriyet Bayramı). Всего 92 года назад, 29 октября 1923 года, в Конституцию Турции были внесены поправки, которые привели к распаду великой Османской империи, вместо которой появилась республика.***

День Республики – национальный праздник в ряде государств, который, как правило, проводится в день провозглашения республики. Нередко «День Республики» является одним из главных праздников страны. Нередко праздник сопровождается митингами, демонстрациями, красочными шествиями, концертами, торжествами.

В связи с этим знаменательным днем в стенах факультета востоковедения на кафедре ТЮРКСОЙ прошло торжественное мероприятие. Творческая деятельность всех студентов кафедры, в том числе активное участие студентов 1 курса в содействии преподавательского состава продемонстрировало сплоченность, единство нашей кафедры. Студенты показали себя не только как патриоты своей страны, но и как разносторонние знатоки истории, культуры и языка изучаемой страны. Они искренне направили свои поздравления в честь этого дня. Ими были продемонстрированы презентации, посвященные политическому лидеру, при котором произошли кардинальные изменения в стране – Мустафе КемалюАтатюрку, а также истории образования Турции.

Мероприятие сопровождалось стихами («Türkiyem», «Ey Türk uyan!»,«Genç Türk», «Yaşasn Cumhuriyet», «Vatan»), песнями («Қазақ елі», «Ölürüm Türkiye»), исполненными в патриотическом жанре нашими студентами.

Мероприятие завершилось искренними поздравлениями и наставлениями заведующего кафедрой ТЮРКСОЙ доцента А.Турганбаева.

**Дилярам АЮПОВА,**
*студентка 3 курса*
*кафедры ТЮРКСОЙ*

***Халқымыздың көрнекті ұлы Ахмет Байтұрсынұлының мұражай үйінде жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасы ұстаздарының ұйымдастыруымен «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» жобасы аясында Ауғанстан Ислам Республикасынан келген шетелдік тыңдаушыларға арналған «Тұлға тағылымына тағзым» атты мәдени-танымдық сабақ өткізілді.***

# Танымдық сабақ

Ұлттық мәдениетіміздің, білім мен ғылымның ордасы, еліміздің басты қалаларының бірі Алматыдағы ірі көлік қатынасының желісі, трамвайдың күре жолы жатқан көше А.Байтұрсынұлы атымен аталады.Оның бойында еліміздің Алматы техникалық университеті, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар мен әлем тілдері университеті секілді жетекші білім ордаларының және де қазақтың білімі мен ғылымының қара шаңырағы атанған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің бірнеше оқу ғимараты мен жатақханасының орналасуында өзіндік заңдылық бар. Осы көшеде орналасқан ҚазҰУ-дың №14 Студенттер үйінде халықаралық қатынастар, шығыстану факультеттерінің студенттерімен бірге президенттік бағдарламамен елімізге келіп, білім алып жатқан АИР студенттері де тұрып жатыр. АИР топтарының куратор-эдвайзерлері – Г.А.Тастемірова, Б.И.Досанов, Р.Т.Нарaлиева, Г.Т.Тілеужанова, Г.Е.Сапаевалардың ұйымдастыруымен өткен сабақ шетелдік студенттерге бұл көше атауының қазақ елі үшін ерекше маңызын түсіндіруге арналды. Сабақ А.Байтұрсынұлының тарихи мұражай-пәтеріне барып, қазақ әдебиеті мен тілінің көрнекті өкілі А.Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығын таныстырумен басталды. Мұражай қызметкерлері студенттерге Қазақ әліпбиінің атасының өмір жолы, шығармашылығы, қайраткерлігі және оның отбасы туралы мәлімет бере отырып, отызыншы жылғы зобалаңға қысқаша тоқталды. Мәдени-танымдық сабақ халқымыздың ұлы А.Байтұрсынұлы атындағы саябаққа саяхат жасаумен аяқталды.

Ахмет Байтұрсынұлының жалынды да өнегелі өмір жолы АИР-дан келген тыңдаушыларымызға үлкен әсер етті. Бұл мәдени-танымдық сабақ шетелдік білім алушыларға еліміздің азаматын ардақтаған елдігін, мәдениеті мен әдебиетін, ғылыми әлеуетін сезіндірген, олардың халқымызға деген, аяулы азаматымызға деген құрметін ояна білген, қазақ халқының ардақты ұлының ерлігін, азаматтығын, қазақтың ұлттық асқақ рухын танытқан тәрбиелік-танымдық маңызы зор ізгілікті шара болды.

**Р.Т. НАРАЛИЕВА,**
**Г.А. ТАСТЕМІРОВА**

**ИНСТИТУТ КОНФУЦИЯ при КазНУ им. аль-Фараби**

*приглашает всех желающих на курсы*

**КИТАЙСКОГО ЯЗЫКА!**

*Обучают профессора Ланьчжоуского университета*

**Международный тест HSK на базе Института**

**ул. Карасай батыра, 95, КазНУ, 1-этаж, 138-каб., кон. тел. 243-84-64, +7 707 397 53 13**

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:
Бас редактор м.а.: Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА
Жауапты хатшы – Дариға АМАНКЕЛДИЕВА
Тілшілер: Рүстем АБРАЕВ, Жұлдыз ӘБІЛ
Дизайнер – Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ
Фототілші – Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректорлар: Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Әйгерім ИМАНҒАЛИЕВА

Газет 1994 жылдың 7 ақпанында Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлігі берілген

МЕКЕНЖАЙЫ:
050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.
Электронды мекенжай:
kazuniver-gazeti@mail.ru
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. "Бизнес-Информ" баспаханасында басылды
Тел.:2-93-09-09

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы 1000 дана
Тапсырыс №877
● Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
● Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
● «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
● Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.